

**Динара КАЛИЕВА**, "Мемлекеттік және жергілікті басқару" мамандығының магистранты, Казтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академиялық көшесі, 9 үй, [kaliyeva\\_ds@mail.ru](mailto:kaliyeva_ds@mail.ru), +77012187097

**Әсемгүл МҰСАТАЕВА**, PhD, аға оқытушы, Казтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академиялық көшесі, 9 үй, [m\\_assem1984kz@mail.ru](mailto:m_assem1984kz@mail.ru), +77014307984

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Аталмыш мақала Қазақстанның соңғы бес жылдағы дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексындағы орнына талдау жасалған. Мақалада Қазақстан өңірлері бойынша инновациялық даму қарқыны мен аталмыш саладағы мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** инновация, инновациялық даму, инновациялық белсенділік, мемлекеттік қолдау, инновациялық гранттар.

**Динара КАЛИЕВА**, магистрант специальности "Государственное и местное управление", Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул.Академическая, 9, [kaliyeva\\_ds@mail.ru](mailto:kaliyeva_ds@mail.ru), +77012187097

**Асемгүл МҰСАТАЕВА**, PhD, старший преподаватель, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул.Академическая, 9, [m\\_assem1984kz@mail.ru](mailto:m_assem1984kz@mail.ru), +77014307984

## СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В статье рассматривается место Казахстана в индексе глобальной конкурентоспособности Всемирного экономического форума за последние пять лет. Анализируются уровень инновационного развития регионов Казахстана и меры государственной поддержки данной отрасли.

**Ключевые слова:** инновация, инновационное развитие, инновационная активность, государственная поддержка, инновационные гранты.

**Dinara KALIEVA**, undergraduate of specialty "Public and Local Administration", Karaganda economic university of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic Kazakhstan, Karaganda c., +77012187097  
*Academicheskaya str., 9, [kaliyeva\\_ds@mail.ru](mailto:kaliyeva_ds@mail.ru), +77012187097*

**Assemgul MUSSATAYEVA**, PhD, senior teacher, Karaganda economic university of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic Kazakhstan, Karaganda c., *Academicheskaya str., 9, [m\\_assem1984kz@mail.ru](mailto:m_assem1984kz@mail.ru), +77014307984*

## MODERN CONDITION OF INNOVATIVE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In the article, Kazakhstan's ranking in the Global Competitiveness Index of the World Economic Forum over the past five years is being considered. An analysis of the level of innovative development of the regions of Kazakhstan and measures of state support of this industry is being done.

**Key words:** innovation, innovation development, innovation activity, government support, innovation grants.

Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы инновациялық саясатының құрылымы мен бағыттары 2013 жылғы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы [1] және Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен [2] анықталады.

Аталмыш құжаттар Қазақстанның ұзақ мерзімді мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырып, экономиканың салаларын әртарапандыру мен шикізаттық даму бағытынан

алшақтау жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған.

Өңдеуші өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласындағы бәсекеқабілетті және экспортқа бағдарланған өнімдерді өндіру мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясаттың басты мақсаты болып табылады.

Әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында Қазақстанның экономикасы бірқатар мәселелерге тап болады. Мұндағы негізгі мәселелер: біржақты шикізаттық бағытталу, әлемдік экономикаға әлсіз интеграциялану, ел ішіндегі әлсіз салааралық және

аймақаралық экономикалық интеграция, ішкі нарықтағы тауарлар мен қызметтерге тұтыну сұранысының төмен болуы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) төменгі шығындар, менеджменттің жаһандану мәселелеріне сәйкес келмеуі және т.б.

"Инновациялық даму" дегеніміз жаңа жаңалық пен ғылымды, технологияны өндіріспен тығыз байланыстыру көзделген экономикалық даму бағыты. Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы 2018 жылғы қорытындылары бойынша Қазақстан әлемнің 140 елі ішінде 57 орынды алып отыр, бұл өткен жылғы позициядан 4 тармаққа төмен болып табылады (кесте 1).

Кесте 1 - Қазақстанның технологиялық даярлық және инновациялар бойынша субфакторлары

Көрсеткіштер	2014	2015	2016	2017	2018
140 ел ішіндегі Қазақстанның орны	50	50	42	53	57
Технологиялық даярлық	57	61	61	56	52
Инновациялар	84	85	72	72	84
Жаңа технологиялардың қол жетімдігі	88	93	89	90	104
Компаниялардың жаңа технологияларды енгізу қабілеттілігі	78	90	90	71	81
ТШИ және технологиялар трансферті	93	107	103	95	93
Инновацияларға қабілеттілік	74	69	68	73	84
ҒЗИ сапасы	102	99	81	63	78
Компаниялардың ҒЗТКЖ шығындары	77	68	55	61	95
Университеттер мен бизнестің ҒЗТКЖ саласындағы ынтымақтастығы	79	88	88	66	75
Жоғары технологиялық өнімнің мемлекеттік сатып алуы	58	74	63	55	73
Ғалымдар мен инженерлердің болуы	98	83	70	64	66
Ескерту – Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік» АҚ ресми мәліметтері// <a href="http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=international">http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=international</a>					

Кестеден байқап отырсақ, 140 елдің ішінде Қазақстан талданып отырған 5 жыл ішінде 42-ші орынна 57-ші орынға төмендеп, өзінің бағдарын біршама жоғалтып отыр. Мұнда 11 субфактор ішінде 2018 жылы тек "Технологиялық даярлық" субфакторы

бойынша ғана Қазақстан өз жағдайын жақсартып, 4 бағдарға көтерілген. Талданып отырған көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, Қазақстан өңірлері бойынша ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындардың артуын байқауға болады (кесте 2):

Кесте 2 - ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар қарқыны, млн.тенге

Өңір	2013	2014	2015	2016	2017
Астана қ.	9741.2	10187.7	13451.9	13990.6	16297.5
Алматы қ.	30991	34030.3	31791.2	26596.1	25357.8
Ақмола облысы	742.5	826.7	1113.1	797.3	898.2
Алматы облысы	1117.4	804.2	1053.6	941.7	871.1
Ақтөбе облысы	559.2	735.3	701.6	763	839.1
Атырау облысы	1880	1885.7	2415.9	2753.3	3637.7
Шығыс Қазақстан облысы	3773.3	3040.6	3300	3475.4	5000.4
Жамбыл облысы	1077	1322.3	689.7	456.3	1024.3
Батыс Қазақстан облысы	916	672.2	753.2	1789.2	298.5
Қарағанды облысы	3407.7	4048.9	3597.8	4279	3488.1
Қызылорда облысы	213.3	266	235.6	613.6	506.2
Қостанай облысы	445.3	574	599.2	562.1	1176.5
Маңғыстау облысы	5095.4	6160.7	7694.5	7800.4	8043.5
Павлодар облысы	335.3	322.9	320.8	390.4	335.7
Солтүстік Қазақстан облысы	209.6	236.3	224.4	180.2	185.2
Оңтүстік Қазақстан облысы	1168.5	1233.8	1360.4	1211.4	924.2
Қазақстан Республикасы	61672.7	66347.6	69302.9	66600.1	68884.2
Ескерту – Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік» АҚ ресми мәліметтері// <a href="http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=regions">http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=regions</a>					

Кесте мәліметтерінен талданып отырған 5 жылда ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар қарқынының біршама тұрақсыз болғанын байқауға болады. Алайда 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы аталмыш

шығындар арта түскен. ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар қарқынымен қатар соңғы 5 жылда компаниялардың инновациялық белсенділігінің де артуы байқалып отыр (кесте 3):

Кесте 3 – Компаниялардың инновациялық белсенділігі, %

Өңір	2013	2014	2015	2016	2017
Астана қ.	11.1	10.7	13.2	13.6	14.4
Алматы қ.	8	5	4.7	7.6	7.7
Ақмола облысы	7.1	7.3	6.8	7	7.5
Алматы облысы	9.5	9.4	6.9	7.8	8.1
Ақтөбе облысы	6.5	7.6	7	9.3	10.1
Атырау облысы	5.1	8.1	8	8.5	8
Шығыс Қазақстан облысы	5.6	7.6	11.5	14.9	15.1
Жамбыл облысы	10.2	12.2	10.6	10.8	11.3
Батыс Қазақстан облысы	5.3	6.6	4.1	3.6	5.3
Қарағанды облысы	7.6	8.4	9.2	10.6	11.1
Қызылорда облысы	12	10.1	11.7	11.2	11.4
Қостанай облысы	11.8	13.6	14.5	11.2	11.3
Маңғыстау облысы	2.4	3.4	4	4.1	3.5
Павлодар облысы	6.4	6.9	4.8	6.5	8.7
Солтүстік Қазақстан облысы	10.9	11.6	10.6	11.3	11.2
Оңтүстік Қазақстан облысы	6.4	7	6.9	6.6	6.5
Қазақстан Республикасы	8	8.1	8.1	9.3	9.6
Ескерту – Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік» АҚ ресми мәліметтері// <a href="http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=regions">http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=regions</a>					

Байқап отырсақ, кейбір өңірлерде 2017 жылы компаниялардың инновациялық белсенділігінің төмендеуіне қарамастан, жалпы Қазақстан бойынша

көрсеткіш артып, 9,6%-ды құрап отыр. Сонымен қатар, өндірілген инновациялық өнім көлемі жоғары көрсеткішке ие (кесте 4):

Кесте 4 - Өндірілген инновациялық өнім көлемі, млн.тенге

Өңір	2013	2014	2015	2016	2017
Астана қ.	119923	125507	111240	120559	149278
Алматы қ.	12504.9	22088.6	38876.9	17186.3	26183.3
Ақмола облысы	18205.7	33801.6	13217.2	21036.2	15721.9
Алматы облысы	13153.8	16608.9	15699.2	12630	12624.2
Ақтөбе облысы	8300.6	4454.4	1838.8	16660.2	39442
Атырау облысы	38078.2	18655.3	7506.1	7419.4	5768
Шығыс Қазақстан облысы	109379	97778.9	13420.9	54299.4	80472
Жамбыл облысы	19637.4	25250.3	23163.7	34104.1	50854.7
Батыс Қазақстан облысы	9009.5	5996.5	3316.7	3407.1	18122.1
Қарағанды облысы	53731.2	21578.1	18442.5	31327.2	32048
Қызылорда облысы	6641.7	4761.2	6930.3	6295.2	5505.8
Қостанай облысы	35728.9	57633.9	47252.6	45095.9	91502.6
Маңғыстау облысы	1395.4	1546.8	1234.6	506.4	294.9
Павлодар облысы	83368	83070.6	1838.3	9520	177882
Солтүстік Қазақстан облысы	16028	16500.4	11753.8	11312.8	13804.9
Оңтүстік Қазақстан облысы	33177.5	45153.5	61465.6	54416.1	125232
Қазақстан Республикасы	578263	580386	377197	445776	844735
Ескерту – Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік» АҚ ресми мәліметтері// <a href="http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=regions">http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=regions</a>					

Өндірілген инновациялық өнім көлемі бойынша 2013 жылдан 2017 жыл аралығында Қазақстан көрсеткіші 1,5 есеге артқан.

Жалпы, осындай оңтайлы көрсеткіштердің орын алуында мемлекеттің индустриалды-инновациялық іс-әрекетті мемлекеттік қолдау шараларының ролін атап өтпеуге болмайды. Оның бірі "Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік" АҚ арқылы іске асырылуда.

Біріншіден, аталған акционерлік қоғамның инновациялық гранттары. Олар салаларды технологиялық дамытуға, әрекет етуші кәсіпорындарды технологиялық дамытуға, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық

дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде технологияларды коммерцияландыруға ұсынылады: технологияларды коммерцияландыру, кәсіпорындарды технологиялық дамыту, саланы технологиялық дамыту.

Екіншіден, бизнес-инкубаторлар іс-әрекетін қолдау бағдарламасы. Бағдарлама мақсаты - бизнес-инкубаторлар құзыреттілігін күшейту, ірі технологиялық компанияларға айнала алатын сапалы стартаптардың артуына жағдай жасау. Қазіргі таңда мемлекеттік қолдау көрсету үшін байқау арқылы 3 үздік бизнес-инкубаторлар іріктелген: "BeInTech" ЖШС, "Жас кәсіпкерлер клубы" ЖШС, "SmArtPointAlmaty" ЖШС.

Үшіншіден, жобалық және венчурлық қаржыландыру. Аталмыш бағыт бойынша "Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік" АҚ-мен 18 жобалық компаниялар (5,1 млрд. тг.) және 13 венчурлық қорлар (7,3 млрд. тг.) қаржыландырылған, олардың ішінде 6 - шетелдік венчурлық қорлар (3,975 млрд. тенге) және 7 - қазақстандық венчурлық қорлар (3,311 млрд. тенге). 2017 жылдың 31 желтоқсанында Агенттіктің инвестициялық портфелі 5 венчурлық қордан, 5 жобалық компаниядан құралады.

Сонымен қатар, ҚР Инвестициялар және даму жөніндегі Министрлік, Астана қаласы Әкімдігінің қолдауымен "Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік" АҚ, МОСТ бизнес-инкубатор, "Астана Innovations" АҚ инновациялық компаниялар рейтингін құрайды. Рейтинг компаниялар арасында инновациялық белсенділікті ынталандыруға, цифрландыруға көшуге деген қызығушылықты арттыруға, инновациялық белсенділігі аса жоғары жылдам дамитын қазақстандық компанияларды анықтауға бағытталған. 2017 жылғы рейтинг бойынша 10 инновациялық белсенді компаниялар: 1) Евразиялық Топ; 2) KunTech; 3) Самрук-Энерго; 4) Казатомпром; 5)САПА; 6) Beeline Казахстан; 7)Tau Innovative Solutions; 8)ВВС Инжиниринг; 9)Mercury Properties; 10) PolyTech Electronics [4].

Жоғарыда аталып кеткендей, Қазақстанда жасалып жатқан шараларға қарамастан, аталмыш салада әлі де бірқатар кемшіліктер бар. Біздің ойымызша, кемшіліктердің алдын алу үшін келесідей іс-шараларды жүзеге асыру керек:

- өңірлерде инновациялық іс-әрекетті қолдаудың әрекет етуші құралдары бойынша, сонымен қатар статистикалық формаларды толтыру дұрыстығы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек.

Әсіресе шағын кәсіпорындарға айрықша назар аудару керек, себебі шағын кәсіпорындар арасындағы инновациялық белсенділіктің төмен көрсеткіштері елдегі инновациялық белсенділіктің жалпы сипатына теріс ықпал етеді;

- инновациялық іс-әрекетке жетекшілік ететін атқарушы органдар, даму институттары арқылы іске асырылатын шаралар, ғылым және инновацияны мемлекеттік қолдау, инновациялық экожүйеге қажетті кадрларды күшейту, инновациялық инфрақұрылымды құру сияқты шаралардан қоғамның хабардар болуын арттыру.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы

2. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығы

3. Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік" АҚ ресми мәліметтері// <http://analytics.natd.gov.kz/ru/section/analytics.html?type=international>

4. Организация анализа инновационных процессов в Республике Казахстан, в том числе региональном разрезе для реализации общесистемных мер развития инноваций// "Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік" АҚ, 2015 жыл